

**Д. Н. Дұшақанов, ҚР IIМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының
3-багам тыңдаушысы**

**Фылыми жетекшісі: Н. Т. Саханова, ҚР IIМ Б. Бейсенов атындағы Қараған-
ды Академиясының қылмыстық іс жүргізу кафедрасының аға оқытушы**

ЮВЕНАЛДЫҚ ЮСТИЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Ювеналдық юстиция – отандық зангерлердің сез қорынà соңғы жылдары енген термин, кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстары бойынша сот төрелігін жүзеге асыруды білдіреді. Ювеналдық юстицияны құру Қазақстан Республикасының сот жүйесін дамыту Тұжырымдамасының мамандандырылған соттарды құру жөніндегі маңызды бағытты болыш саналады.

Замануи қогам үшін аталған тақырыптағы ізденистің маңыздылығы Қазақстан Республикасындағы заң шығарушылық ісі мен құқық қолдану іс-тәжірибесіне елеулі әсер ететін адам құқықтары саласындағы халықаралық қағидалар мен стандарттардың артықшылығын мойындауға негізделіп отыр. БҰҰ Бағ Ассамблеясы 1985 жылдың 10-желтоқсанында Пекин

ережесі ретінде белгілі болған Кәмелетке толмағандар жайындағы сот әділдігін жүргізуге қатысты қысқа үлгідегі ереже қабылданған болатын. Бұл үлгідегі кәмелетке толмағандар қылмыстары туралы іс бойынша іс жүргізудің 1996 жылдың 19-желтоқсанындағы Азаматтық және саяси құқыктар туралы Пактының 14-бабында қарастырылған, негізгі іс жүргізулік кепілдіктермен бірге ерекше ереже ететін атап өтілген. Бұл Ереже осы істер бойынша іс жүргізетін және биліктік өкілетке ие болған адам тиісті біліктілікке ие болуға тиісті екендігін белгілейді. Ережеде қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кәмелетке толмағандардың мұдделеріне жауап беретіндегі және кәмелетке толмаған оған еркін қатысып және өзінің айғастарын еркін бере алатын жағдайда етуі тиіс екендігі айтылған. Мұндай міндеттерді шешу үшін Ереже кәмелетке толмағандар ісі бойынша мамандандырылған соттар құруды ұсынады. Сонымен бірге, кез келген кәмелетке толмағанның ісінің ең басынан бастап, қандай да бір қажеті жоқ кедергісіз тез өткізілуі қарастырылады. Сондай-ақ, қажетсіз жариялыштықтың салдарынан оған зиян келтірмес үшін немесе оның беделін түсірмес үшін кәмелетке толмағаннан құпиялыштыққа құқығын да сақтау керек. Ереже соттық талқылау мен үкімнің теріс зардалтарын шектеу үшін істі соттық талқылаусыз қысқарту шарасын қарастырады (жасаған қылмысын, соттылығын және басқа жағдайларын жария ету¹).

Кәмелетке толмаған азаматтар тәрбиесі, олардың құқыктары мен занды мұдделерін қорғау әрқашанда қоғамның басты міндеттерінің бірі болып табылады. Дегенмен, кәмелетке толмағандардың құқыктары, бостандықтары мен занды мұдделері тиісті мәнде қорғалмайынша, құқыктық мәдениет жеткілікті жоғары деңгейге жете алмайды.

Жас үрпақты дамытудың занымыстықтары мен ағымдарына жан-жақты және терең зерттеулер жүргізбейінше, балалар мен жасөспірімдердің сана-сезімі мен мінез-құлқын қалыптастыруға әсер ететін әлеуметтік жағдайлары мен үрдістеріне, олардың өмір тіршілігіне объективті талдау жүргізбейінше аталған міндеттерді жүзеге асыру мүмкін емес. Осындай зерттеулердің арасынан ерекше орын кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен күрес мәселелерін зерделеуге берілуі тиіс.

«Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқыктық саясат тұжырымдамасының» маңызды буыны қылмыстық, іс жүргізу және қылмыстық атқару құқыктарының, сондай-ақ, құқық қолданудың өзара байланысты түзетулері кешенді жолмен жүзеге асыраялатын қылмыстық саясаты болып табылады. Осы саясаттың бағыттарының бірі, ең бастысы ауырлығы онша емес және орташа ауырлықтағы қылмыстың бірінші рет жасаған, халықтың әлеуметтік осал топтарына, соның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты адамгершілікпен қарau болып жарияланды².

Ювеналдық юстиция саласында шетелдік дұрыс тәжірибелерді пайдаланудың қажеттілігі туралы, кәмелетке толмағандарды және бүкіл қоғамды қылмыстылықтан сақтауда жағымды нәтижелерге жетудің қосымша шарттары болып табылатын отандық және шетелдік ғалымдардың, практикалық қызметкерлердің бірлескен жұмыстарын жетілдіру қажетті.

¹ Минимальные стандартные правила, касающиеся отправления правосудия в отношении несовершеннолетних // Международные нормы и правоприменительная практика в области прав и свобод человека: пособие для Российских судей. — М., 1993.

² Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқыктық саясат тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. 2009. 28 августа.